

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

## Шарттар мен талаптар

Осы шарттар мен талаптар (осы «**Шарттар**») [MyJohnDeere.com](http://MyJohnDeere.com) веб-сайтына және қызметтеріне, сонымен бірге, басқа осы Шарттармен байланысты немесе оған сілтеме жасайтын басқа John Deere веб-сайттарына және мобилді қолданбаларына («Сайт») қатынасуды және оларды пайдалануды реттейді. Сайтқа қатынасу немесе оны пайдалану, я болмаса Сайт пайдаланушысының тіркелгісін жасау арқылы сіз осы Шарттарға келісесіз және Deere & Company компаниясымен занды түрде міндеттейтін келісімшарт жасасасыз. Егер Сайтқа қызметкер, я болмаса басқа тұлғаның немесе үйымның атынан агент ретінде қатынассаныз немесе оны пайдалансаңыз, сіз сонымен бірге сол тұлғаның немесе үйымның атынан осы Шарттарға келісесіз және сол тұлғаны немесе үйымды осы Шарттарға міндеттеуге құқығыңыз бар екенін білдіресіз және растайсыз. Осы Шарттармен міндеттелуде қаламасаңыз немесе олай істей алмасаңыз, Сайтқа қатынаспаңыз немесе оны пайдаланбаңыз.

### 1. Анықтамалар

#### A. Тараптар

1. «**Сіз**» және «**сіздің**» сөздері сізді, Сайттың жеке пайдаланушысын білдіреді және сіз Сайтты басқа тұлғаның немесе үйымның атынан пайдалансаңыз, сонымен бірге сол тұлғаны немесе үйымды қамтиды.
2. «**Пайдаланущы**» — Сайтқа қатынасатын, оны көретін, шолатын, тексеріп шығатын, скрейп жасайтын немесе кез келген жолмен пайдаланатын кез келген адам.
3. «**Deere**» «**біз**» және «**біздің**» сөздері Deere & Company компаниясының білдіреді және оларға филиалдар толығымен иелік етеді.

#### B. Мазмұн

1. «**Мазмұн**» Сайтқа, ол арқылы жіберілетін немесе тасымалданатын, я болмаса басқалай қол жетімді етілетін мәтінді, деректерді, файлдарды, жазбаларды, орын туралы акпаратты, хабарларды, кескіндерді, фотосуреттерді, аудионы, бейнені және барлық басқа деректер немесе коммуникация түрлерін білдіреді. **Төмендеғі анықтамалардың ешқайсысы кез келген тарап және кез келген нақты Мазмұн арасында ешбір иелік қатынасын түспалдамайтынын немесе жасамайтынын ескеріңіз.**
2. «**Мазмұныңыз**» сіз басқаратын Мазмұнды білдіреді, соның ішінде: (i) сіз Сайтқа, ол арқылы немесе онымен байланысты жіберетін немесе тасымалдайтын Мазмұн; (ii) сіздің жабдықтан Сайтқа жеткілген деректер, соның ішінде, машина, өндіріс және басқа деректер; және (iii) үшінші тараптан алынған Мазмұн, осы үшінші тарап сізге басқаруды тапсырған болса.
3. «**Пайдаланущы мазмұны**» пайдаланушылар Сайтқа, ол арқылы немесе оған байланысты жіберетін Мазмұнды білдіреді.
4. «**Deere мазмұны**» біз Сайтқа байланысты жасайтын, жасаған, сатып алатын немесе лицензиялайтын және қол жетімді ететін Мазмұнды білдіреді.
5. «**Үшінші тарап мазмұны**» сізден немесе Deere компаниясынан басқа тараптардан алынған, Сайтқа байланысты қол жетімді етілген Мазмұнды білдіреді.
6. «**Сайт мазмұны**» Сайтпен байланысты қол жетімді етілген бүкіл Мазмұнды, соның ішінде, Мазмұныңызды, Пайдаланущы мазмұнын, Үшінші тарап мазмұнын және Deere мазмұнын білдіреді.

### 2. Осы Шарттарға енгізілген өзгерістер

Біз кейде осы Шарттарды өзгертуіміз мүмкін. Өзгертулер енгізілгенде біз осы веб-бетте өзгерілген нұсқаны қол жетімді ету арқылы сізге хабарлаймыз және осы беттің жоғарғы жағында өзгертулер соңғы рет енгізілген күнді көрсетеміз. Сондай-ақ, біз Сайтқа кіру бетіндегі ескертуді жаңартамыз. Осы Шарттарға жүйелі түрде кіріп тұру керек, өйткені Сайтты пайдалануды жалғастырсаңыз өзгерілген нұсқалар сізді міндеттейтін болады. Кез келген осында өзгерту жаңа Шарттарды жариялаудан кейін күшіне енеді. Сіз Сайтта осы Шарттарға кез келген өзгертуден кейін Сайтқа одан әрі қатынасуыңыз немесе оны пайдалануыңыз өзгерілген Шарттарды қабылдауынызды көрсететінін түсінесіз және оған келісесіз. Біз өз тандауымыз бойынша осы Шарттарға енгізілген белгілі бір өзгертулер туралы тікелей хабарлауымыз мүмкін және біз Сайтты пайдалануды немесе оған қатынасуды жалғастыру алдында өзгерілген Шарттарға тікелей келісімізді талап етуіміз мүмкін. Кез келген өзгерілген Шарттармен келіспесеңіз, Сайтты пайдалануды бірден тоқтату керек.

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

### **3. Аударма — тіл**

Ыңғайлылық үшін немесе тиісті заңның талабына сай осы Шарттарды басқа тілдерге аударуымыз мүмкін. Осыған қарамастан, ағылшын тіліндегі нұсқа Deere компаниясымен қатынасызызды реттейді, әрі әр түрлі нұсқалар арасындағы кез келген үйлесімсіздіктер ағылшын тіліндегі нұсқаның пайдасына шешіледі. Тараптар осы көлісім және кез келген қатысты құжаттар ағылшын тілінде жасалуын және жүзеге асырылуын анық түрде қалайды.

### **4. Сайтты пайдалану**

#### **A. Жарамдылық**

Сайтқа қатынасу немесе оны пайдалану үшін сіз 18 жаста немесе одан үлкенірек болуыңыз және осы Шарттарға келісу үшін тиісті өкілеттігіңіз, құқығыңыз болуы керек. Бұрын Сайттан қуылған болсаңыз немесе тіркелгіңізді жапқан болсаңыз, сізге Сайтқа қатынасуға немесе оны пайдалануға рұқсат етілмейді.

#### **B. Сайтты пайдалану рұқсаты**

Сайтты тек осы Шарттарға сай пайдалана аласыз. Сайтты пайдалануға тек өзіңіз тәуекел қабылдайсыз, соның ішінде, дәл емес, наразылық тудыратын немесе басқалай тиісті емес Мазмұн әсер етуі тәуекелін, әрі сіз Сайтпен байланысты бөлісуді таңдаған Мазмұнды үшінші тараптар дұрыс емес пайдалануы тәуекелін.

#### **C. Сайттың қол жетімділігі**

Сайт толығымен немесе ішінара кез келген уақытта, тек біздің таңдауымыз бойынша, ескертусіз немесе жауапкершіліксіз өзгертуілүү, жаңартылуы, үзілүү, уақытша тоқтатылуы немесе тоқтатылуы мүмкін. Соңдай-ақ, біз біздің таңдауымыз бойынша, ескертусіз немесе жауапкершіліксіз кез келген Мазмұнды Сайттан жоюмыз мүмкін.

#### **D. Пайдалануши тіркелгілері**

1. Сайт арқылы ұсынылатын кейбір мүмкіндіктерді пайдалану үшін тіркелгіні жасауыңыз және өзіңіз туралы белгілі бір ақпаратты беруіңіз керек. Тіркелгіні мына сайтта жасауға болады: [www.myjohndeere.com](http://www.myjohndeere.com).
2. Егер байланыс ақпаратыңыз немесе тіркелгінізге қатысты басқа ақпарат өзгерсе, бізге дереге хабарлауыңыз және ағымдағы ақпаратты беруіңіз керек. Тіркелгіні мына сайтта жаңартуға болады: [www.myjohndeere.com](http://www.myjohndeere.com).
3. Сайтқа кіру үшін пайдаланатын құпия сөзді және кіру идентификаторын қорғауға тек сіз жауаптысыз, әрі сіз құпия сөзінізді ешбір үшінші тарапқа ашпауға келісесіз. Сіз тіркелгіңізді пайдаланатын кез келген әрекетте жауаптысыз, сол әрекетке рұқсат берсеніз де, бермесеніз де. Сіз тіркелгінізді кез келген рұқсатсыз пайдалану туралы бізге бірден хабарлауға келісесіз. Тіркелгінің туралы бізге **осы жерде хабарласа аласыз.**
4. Деректерді немесе файлдарды Сайтқа тасымалдауды қорғауды қаласаңыз, Сайтпен байланысу үшін қорғалған қосылымды орнату және пайдалану тек сіздің жауапкершілігіңіз екенін раастайсыз және осымен келісесіз.
5. Тіркелгінің тек сіздің пайдалануыңызға арналған. Оны жасаған кезде біз сізден сұрайтын толық және дәл ақпаратты беруді сұраймыз. Сіз басқа біреудің өкілі бола алмайсыз, тіркелгіні өзіңізден басқа ешкім үшін жасай немесе пайдалана алмайсыз, өзіңіздікінен басқа электрондық пошта мекенжайын көрсете алмайсыз немесе бірнеше тіркелгін жасай алмайсыз. Егер бүркеншік атты пайдалансаңыз, басқалар бөлісуді таңдаған Мазмұнның негізінде әлі де тұлғанызды анықтай алуы мүмкін екенін ескеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін Құпиялық және деректер туралы мәлімдемелерді ([www.deere.com/legal](http://www.deere.com/legal)) оқып шығыңыз. Біз тіркелгінізді кез келген уақытта немесе кез келген себеппен немесе себепсіз, ескертусіз немесе жауапкершіліксіз жабу құқығын сақтаймыз.

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

## **E. Байланысты Deere қызметтері және келісімдері**

Сізге Сайт арқылы қол жетімді кейбір Мазмұн, мүмкіндіктер, функциялар немесе қызметтер сіз және Deere арасындағы бөлек келісімдерде берілгенін ескеріңіз (әрқайсысы бөлек «**Deere қызмет көрсету келісімі**»). Мысалы, JDLink™ құралдарын және қызметтерін кез келген пайдалануды Deere қызмет көрсету келісімі болып табылатын John Deere телениформатика туралы келісімі реттейді. Тиисті дәрежеге дейін бұл Шарттар сіз және Deere арасындағы басқа келісімдермен қайшылықты болдырымайтындау түсіндіріледі. Осы Шарттар мен сіз бен Deere арасындағы басқа шарттар немесе келісімдер арасындағы кез келген нақты қайшылық жағдайында кез келген тиисті Deere қызмет көрсету туралы келісімінде берілген шарттар осы Шарттардан басым болады.

## **F. Deere және басқа пайдаланушылардан хабарлар**

Тіркелгін жасау арқылы сіз осымен Сайтқа байланысты электрондық хабарларды алуға келісісіз. Сайттың өзі сіз бен басқа Пайдаланушылар арасында осында хабарларды қосады, әрі Deere қауымдық электрондық хабарларға қатысты барлық тиисті зандарға сай сізге Сайтқа қызмет көрсету, оның қол жетімділігі, функциялары немесе Сайтты пайдалануыңызға қатысты басқа мәселелер туралы хабарласуы мүмкін.

## **5. Мазмұн**

### **A. Мазмұныңызға жауапкершілік**

1. Сайт Мазмұныңызды басқалармен бөлісуге мүмкіндік беретін мүмкіндіктердің қамтамасызы етеді. Сіз Мазмұныңызға қатынасты алатын немесе қатынасы бар кез келген басқа пайдаланушы Мазмұныңызды қөшіруі, пайдалануы, өзгертуі немесе таратуы мүмкін екенін және Deere компаниясында кез келген осында әрекеттерге жауапкершілігі жоқ екенін түсінесін және осыған келісісіз. Сайтта қандай Мазмұнды бөлісуді мүқият қарастырыңыз.
2. Мазмұныңызды сақтауға және қорғауға тек сіз жауаптысыз. Сіз Deere Мазмұныңыздың кез келген жоғалуына немесе бүлінуіне, я болмаса, Мазмұныңыздың кез келген бөлігінің сақтық қөшірмесін жасаумен немесе оны қалпына келтіруімен байланысты шығындарға жаупаты емес екенімен келісісіз.
3. Мазмұныңызға тек сіз жауаптысыз және сайтқа жіберілгеннен кейін оны қайтару мүмкін емес. Сіз мазмұныңызға қатысты барлық тәуекелдерді, соның ішінде, кез келген үшінші тараптың оның сапасына, дәлдігіне немесе сенімділігіне сенуіне, я болмаса сіздің мазмұныңызда тұлғаңызды анықтауға мүмкіндік беретін ақпаратты кез келген ашуыңызға байланысты тәуекелдерді қабылдайсыз. Сіз мазмұныңызды пайдалануға және осында сипатталғандай, соның ішінде, тәмендегі бөлімінде талқыланғандай Deere пайдалануы үшін пайдалануға рұқсат етуге қажет рұқсаттарының бар екенін мәлімдейсіз. Сондай-ақ, сіз сізге және Deere компаниясына Deere компаниясының Сайтты қамтамасыз етуіне және оның тәмендегі 6(B) бөлімінде талқыланғандай өндөруіне қатысты барлық тиисті құпиялық туралы зандарды сақтау үшін қажет бүкіл келісімдерді қызметкерлерден немесе үшінші тараптардан алғаныңызды мәлімдейсіз. Сіз мазмұныңызды Deere қолдамайтынан келісісіз және оны түсінесіз, әрі мазмұныңызға Deere кез келген түрде демеушілік немесе қолдау көрсетеді деп түстепдамайсыз.
4. Біраз сайт мазмұны басқалардың зияткерлік мешілік құқықтарымен қорғалуы мүмкін. Сіз солай істеуге құқықыңыз болмаса, сайттан файлдарды қөшірмеуге, кері жүктемеуге, жүктемеуге немесе бөліспеуге келісісіз. Сайтты пайдалану кезінде қөшіретін, бөлісетін, кері жүктейтін, жүктейтін немесе басқалай пайдаланатын нәрселерге тек сіз жауаптысыз және айыппул төлейсіз. Мазмұныңыз жалған, шатастыратын, адастыратын немесе дискредитациялайтын материалдың қамтыса; кез келген үшінші тараптың құқығын, соның ішінде, кез келген авторлық құқығын, сауда белгісін, патентін, сауда құпиясын, моральдық құқығын, құпиялық құқығын, жарнама құқығын, я болмаса, кез келген басқа зияткерлік мешілік немесе жекеменшіл құқығын бұзса; белгілі бір жалпы саудаланатын бизнестер туралы жалпы емес ақпаратты ашса; заңсыз материалды, соның ішінде, заңсыз ашулы сөздерді немесе порнографияны қамтыса; я болмаса, кез келген тиисті занды немесе ережені бұзса немесе бұзуға шақырса сізге айыппул салынуы мүмкін.

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

5. Біз сайт мазмұнының нұсқауларымызға сәйкестігін қарап шығуымыз мүмкін, бірақ Deere компаниясында сайт арқылы қол жетімді ешбір мазмұнды бақылауга міндеттеме жоқ екенін растайсыз. Біз сайтты пайдаланып қатынасуыңыз мүмкін деректердің, файлдардың, сайт мазмұнының немесе кез келген басқа ақпараттың дәлдігіне, толықтығына, тиістілігіне немесе заңдылығына жауапты емеспіз.

## **В. Мазмұнызды пайдалану құқығымыз**

1. Бұл шарттар Deere компаниясына төмende және біздің құпиялық және деректер туралы мәлімдемелерімізде ([www.deere.com/legal](http://www.deere.com/legal)) сипатталған Алдыңғы сілтеменің 3-қойындысында орналасқан Мазмұнызды пайдалану әдісімізге қатысты нақты ақпарат алу үшін еліңіздің құпиялық және деректер туралы мәлімдемелерін қараңыз. Сіз Deere және үшінші тараптарға мазмұнызды осы шарттарда сипатталғандай және сайттың белгілі ретінде қамтамасыз ету үшін қажет болғандай, соның ішінде, мысалы, мазмұнызды орналастыру және өз нұсқауыңыз бойынша бөлісу құқығын бересіз. Бұл рұқсат Deere компаниясы сайтын және байланысты қызметтерді қамтамасыз етумен байланысты қатыстыратын үшінші тараптарға көнегейтіледі.
2. Біз келесе себептермен ашу қажет деп ойласақ, мазмұнызды үшінші тараптарға ашуымыз мүмкін: (а) кез келген тиісті заңды, ережені немесе міндетті заңды сұрауды сақтау үшін; (ә) кез келген адамды өлімнен немесе ауыр дене жаракатынан қорғау үшін; (б) бізге немесе пайдаланушыларымызға қатысты алайқыты немесе құқық бұзушылықты болдырмау үшін; (в) меншік құқықтарымызды қорғау үшін; немесе (г) Deere компаниясын және оның аффилиаттарын немесе қызметкерлерін мазмұныздан туындастырып көрсетілген сопттың іс қарауынан қорғау үшін.

## **С. Deere мазмұны және бағдарламасы**

1. Сайтты кейбір пайдалану жолдары клиенттік бағдарлама бұмасын («Бағдарлама») жүктеуді қажет ету мүмкін. Deere компаниясы осымен сізге Бағдарламаны тек сайтқа қатынасу үшін шектеулі, сублицензияланбайтын, тағайындалмайтын, ерекше емес, тапсырылмайтын, қайтарылатын лицензияны береді. Бағдарламаны пайдалану лицензияның осы шарттарды немесе Deere компаниясымен кез келген басқа келісімді біздің зияткерлік меншік құқықтарымызды залал тигізетін, шектейтін немесе бұзатын түрде бұзсаныз автоматты түрде қайтарылады. Біз осымен осы Шарттарда анық түрде берілмеген барлық құқықтарды сақтаймыз. Бағдарламаның көрінісінің жасауға немесе оны декомпилиациялауға, я болмаса, солай істеуге немесе кез келген адамға осылай істеуге көмектесуге болмайды. Біз жаңа нұсқа қол жетімді болғанда құрылғыныңдағы Бағдарламаны жаңартуымыз мүмкін.
2. Бұл Шарттар сізге Сайтқа, қатысты бағдарламаға немесе Сайт мазмұнына ешбір құқықты, меншік құқығын немесе үлесті бермейді. Біз анық түрде рұқсат еткеннен басқа жолмен Deere Мазмұның кез келген немесе бүкіл белгілін өзгертуге, көшірмелерін жасауға, таратуға, туынды еңбектерді немесе адаптацияларын жасауға, көпшілікке көрсетуге немесе кез келген жолмен пайдалануға болмайды. Бағдарлама және біз Сайтты қамтамасыз ету үшін пайдаланатын басқа технология Америка Құрама Штаттарының және шет елдердің авторлық құқықтар, сауда белгілері туралы және басқа заңдарымен қорғалған. Бұл Шарттар Deere сауда белгілерін, логотиптерін, домен атауларын немесе басқа бренд мүмкіндітерін пайдалану құқықтарын бермейді. Осында анық түрде және бір мәнді көрсетілген болмаса, біз сізге ешбір анық немесе түспалды құқықтарды бермейміз, әрі Сайтқа және Deere Мазмұнына қатысты барлық құқықтар бізде сақталады.
3. Сіз **John Deere веб-сайтының құқықтық ескертүін оқығаныңызды және түсінетініңізді мәлімдейсіз.**

## **Д. Үшінші тарап мазмұны**

1. Сайтта Үшінші тарап мазмұны, я болмаса үшінші тарап веб-сайттарына немесе ресурстарына сілтемелер болуы мүмкін. Deere кез келген осында Үшінші тарап мазмұнын, веб-сайттарын немесе ресурстарын, я болмаса, кез келген қатысты мазмұнды, өнімдерді немесе қызметтерлі басқармайды немесе қолдамайды және оларға жауапты емес немесе айыппул төлемейді. Кез келген осында Үшінші тарап мазмұнын, веб-сайттарын немесе ресурстарын пайдалануыңызға тек сіз жауаптысыз.

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

2. Сіз кез келген Үшінші тарап мазмұнына қатынасынды реттейтін кез келген басқа тараппен кез келген келісімнің шарттарын сақтауға келісесіз.
3. Егер біз сізге ашық бастапқы код лицензиясы бойынша кез келген бағдарламаны қамтамасыз етсек, бұл лицензияларда осы Шарттармен анық түрде қайшылықта болатын шарттар болуы мүмкін, бұл жағдайда ашық бастапқы код лицензиясының шарттары осындай қайшылық дәрежесіне дейін осындай бастапқы коды ашық бағдарламаға қолданылады.

## 6. Нұсқаулар және саясаттар

### A. Рұқсатты пайдалану

Сіз төмендегі мақсатарда басқалардың Сайтты пайдалануына көмектеспеуге, ынталандырмауға немесе мүмкіндік бермеуге келісесіз:

1. осы Шарттарды бұзу;
2. кез келген жүйенің немесе желінің осалдығын көру, сканерлеу немесе сынау;
3. сұралмаған хабарларды, промо-акцияларды немесе жарнамаларды, я болмаса спамды жіберу;
4. өзгертілген, адастыратын немесе жалған көзді көрсететін ақпаратты жіберу, соның ішінде, «спуфинг» немесе «фишинг».
5. Deere анық түрде рұқсат еткенді қоспағанда, Сайтты немесе Сайт мазмұнын (Сайтта орналастырылған Мазмұныныңдан басқа) өзгерту, бейімдеу, ұрлау, көшірмелерін жасау, тарату, аудару, туынды енбектерді немесе адаптацияларды жасау, көпшілікке көрсету, сату, саудалу немесе кез келген жолмен пайдалану.
6. Сайтқа біздің жалпы қолдау көрсетілетін интерфейстерден басқа құралдармен қатынасу немесе онда іздеу (мысалы, «скрейпинг»);
7. Сайттың кез келген бөлігіне немесе кез келген Сайт мазмұнына қатынасу, шығарып алу, скрейпинг жасау немесе индекстеу үшін кез келген роботты, спайдерді, сайтта іздеу/шығарып алу қолданбасын немесе басқа автоматтандырылған құрылғыны пайдалану;
8. Сайттың кез келген бөлігінің кері инжинириングін жасау;
9. Сайттың кез келген бөлігінде, я болмаса, Сайттан басып шығарылатын немесе көшірілетін кез келген материалдарда бар кез келген авторлық құқық, сауда белгісі немесе басқа жекеменшік құқықтар туралы ескертуді алып тастау немесе өзгерту;
10. басқа Сайт пайдаланушылары туралы ақпаратты жазу, өндеу немесе алу;
11. рұқсатсыз басқа Сайт пайдаланушылары туралы ақпаратқа қатынасу немесе оны көру;
12. Сайттың кез келген бөлігін қайта пішімдеу немесе бөлу;
13. Deere технологиялық инфрақұрылымына тиісті емес немесе тым үлкен жүктемені түсіретін немесе тек біздің таңдауымыз бойынша түсіруі мүмкін кез келген әрекетті орындау, я болмаса, басқалай Сайттан шамадан тыс трафикті талап ету;
14. хакинг, құпия сөздерді іздеу немесе кез келген басқа құралдар арқылы Сайтқа, пайдаланушы тіркелгілеріне, Сайтқа қосылған компьютерлік жүйелерге немесе желілерге рұқсатсыз қатынаста алу әрекеті;
15. зиянды бағдарламаларды енгізу немесе Сайтты немесе кез келген Сайт мазмұнын зиянды бағдарламаларды, компьютерлік вирустарды, шпиондық бағдарламаларды, құрттарды, ақауларды, трояндық аттарды немесе басқа бұзулы сипатты бар нәрселерді тарату үшін пайдалану;
16. Сайттың тиісті жұмысына кедергі жасайтын немесе Сайттың тиісті жұмысына басқалай кедергі жасауға тырысатын кез келген құрылғыны, бағдарламаны немесе процедураны пайдалану;
17. Сайтты кез келген компьютерлік желінің қауіпсіздігін бұзу, құпия сөздерді немесе қауіпсіздік шифрлау кодтарын бұзу; Сайттың немесе Сайт мазмұнының қауіпсіздігін бұзу немесе оларға кедергі жасау, я болмаса, басқалай зиян тигізу үшін пайдалану;
18. Сайттың кез келген қауіпсіздікке қатысты мүмкіндіктерін, Сайт мазмұнын пайдалануды немесе көшіруді болдырмайтын немесе шектейтін мүмкіндіктерді, я болмаса, Сайтты пайдалануға шектеулерді қолданатын мүмкіндіктерді алып тастау, айналып өту, ажырату, зақымдау немесе оларға басқалай кедергі жасау;
19. алайқтық немесе шатастыратын кез келген Мазмұнды жариялау;

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

20. кез келген үшінші тарап құқықтарын бұзу, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, кез келген құпиялықты, авторлық құқықты, сауда белгісін, патентті, сауда құпиясын, моральдық құқықты, құпиялық құқығын, жарнама құқығын немесе кез келген басқа зияткерлік меншік немесе жекеменшік құқығын бұзу.
21. Сайт пайдаланушы тіркелгісін орнатқанда немесе пайдаланғанда Сайт пайдалануышының тіркелгісін бөлісу, Сайтқа басқа адамның пайдаланушы тіркелгісін пайдаланып қатынасу немесе жалған немесе шатастыратын ақпаратты беру;
22. тиісті рұқсатсыз өзініздік емес өнімдерді немесе қызметтерді жарнамалау;
23. кез келген адаммен немесе үйиммен байланысында көрсету немесе дұрыс емес көрсету;
24. басқаларды қорқыту, қорлау, оларға зиян тигізу, бұқтыру немесе мазалау, я болмаса, фанатизмді немесе дискриминациялауды ынталандыру;
25. занға қашып порнографиялық, лайықсыз немесе фанатизмді, діни, нәсілдік немесе этникалық жеккөрушілікті қолдайтын материалдарды жариялау, кері жүктеу немесе бөлісу; немесе
26. тиісті занды кез келген жолмен бұзу, я болмаса басқалардың құпиялығын бұзу немесе басқаларды дискредитациялау.

## B. Құпиялық

Сіз біздің Мазмұныңызды құпиялық және деректер туралы мәлімдемелерде көрсетілгендей жинауымызben, орналастыруымызben, пайдалануымызben, бөлісуімізben және ашуымызben келісесіз ([www.deere.com/legal](http://www.deere.com/legal)). Мазмұныңызды пайдалану әдісіне қатысты нақты ақпарат алу үшін елінізге арналған құпиялық және деректер туралы мәлімдемелерді қараңыз.

## C. Авторлық құқық және сауда белгісі туралы даулар

Deere компаниясы басқалардың зияткерлік меншік құқықтарын құрметтейді және Сайт пайдаланушыларынан да осыны істеуін қүтеді. Егер сіз авторлық құқықтың немесе сауда белгісінің иесі болсаңыз, оның атынан әрекет етуге рұқсатыңыз болса немесе авторлық құқық немесе сауда белгісі бойынша кез келген әрекет құқыққа сай әрекет етуге рұқсатыңыз болса, сіз Сайтта немесе ол арқылы болып жатқан кез келген болжанды авторлық құқықты немесе сауда белгісін бұзулар туралы тәмендегі ақпарат бар жазбаша ескертуді беру арқылы дереу есеп беруге келісесіз.

1. Сіз бұзылған деп мәлімдейтін авторлық құқықтармен қорғалған еңбектің немесе сауда белгісінің атаву;
2. Болжанды бұзылған Мазмұнның атаву және Deere компаниясына оны Сайтта табуға мүмкіндік беруге жеткілікті ақпарат (мысалы, мазмұн көрсетілетін веб-беттің URL мекенжайы);
3. Ескертуіздегі көрсетілген мазмұнды шағымға сай пайдалануға авторлық құқықтың/сауда белгісінің иесі, оның агенті немесе тиісті заң рұқсат етпеген деп ойлайтыныңыз туралы мәлімдеменіз.
4. Жалған күөлік жазаланатынын біле отырып, ескертуіздегі ақпарат дәл екенин және авторлық құқықтың/сауда белгісінің иесі екенинізді немесе иесінің атынан әрекет етуге басқалай рұқсат етілгенін растигыныңыз туралы мәлімдеменіз; және
5. Физикалық немесе электрондық қолтанбаңаңыз, сонымен бірге, байланыс ақпаратының (мекенжай, телефон және қол жетімді болса, электрондық пошта мекенжайы).

Ескертуді бізге тәмендегі мекенжайға жіберіңіз:

Deere & Company  
Attn: Compliance Department, DMCA Manager  
One John Deere Place  
Moline, IL 61265, USA

Электрондық пошта: DMCA@JohnDeere.com

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

Біз кез келген үшінші тарап құқықтарын бұзатын немесе бұзатын деп күдікtenetін кез келген Мазмұнды тек өз таңдауымызбен жоямыз. Басқалардың зияткерлік меншік құқықтарын қайта-қайта бұзатын тараптармен қатынастарды тоқтату біздің саясатымыз болып табылады.

## 7. Ұсыныстар және жақсартулар

Біз кері байланысынызды қутеміз. Бізге кез келген идеяларды, ұсыныстарды, құжаттарды немесе ұсыныстарды («Кері байланыс») жіберу арқылы сіз мыналарға келісесіз: (i) Кері байланысынызды үшінші тараптардың жеке, құпия немесе жекеменшік ақпараты жоқ, (ii) бізде Кері байланысқа қатысты анық немесе тұспалды құпиялық міндеттемесі жоқ, (iii) бізде Кері байланысқа ұқсас бірдене әлдеқашан қарастырылып немесе әзірленіп жатуы мүмкін және (iv) сіз бізге Кері байланысты пайдалануға, өзгертуге, жариялауға, таратуға және сублицензиялауға қайтарылмайтын, ерекше емес, роялти жоқ, тұрақты, дүниежүзілік лицензияны бересіз.

## 8. Босату

Сіз Deere компаниясын, оның серіктестерін, филиалдарын, аффилиаттарын, кез келген байланысты компоненттерін, дилерлерді, жеткізуілерді, лицензиарларды және серіктестерді, әрі олардың әрқайсысының қызметкерлерін, директорларын, қызметкерлерін, агенттерін және өкілдерін (жаппы, «Deere нысандары») зияннан, соның ішінде, шығындардан, айыппұлдардан және заңды ақылардан, соның ішінде, мыналардан туындаитын немесе оларға қатысты кез келген үшінші тарап жасаған шағымнан немесе талаптар сақтауға келісесіз: (i) Сайтқа қатынасының немесе оны пайдалануының, (ii) осы Шарттарды бұзуының, (iii) Deere нысанынан сатып алынғандарды немесе алынғандарды қоспағанда, сіз Сайтқа байланысты сатып алған немесе алған кез келген өнімдер немесе қызметтер немесе (iv) сіздің немесе тіркелгіңізді пайдаланатын кез келген үшінші тараптың кез келген адамның немесе нысанның кез келген зияткерлік меншік құқығын немесе басқа құқығын бұзуы. Сіз Deere компаниясы сіздің есебіңізден сіз бізді босатуының керек кез келген мәселені ерекше қорғауды және бақылауды қабылдайтынымен келісесіз және осы талаптарды қорғауымызға өз есебіңізден бірлесіп жұмыс істеуге келісесіз. Сіз Deere компаниясының алдын ала жазбаша келісіміңіз кез келген мәселені шешпеуге келісесіз. Deere компаниясы білген кезінде кез келген осындай талап, қуынның немесе сотта қарастыру туралы хабарлау үшін тиісті шараларды қолданады.

## 9. Жауапкершіліктен бас тартулар, айыппұлды шектеулер және тұтынушы кепілдіктері

### A. Жауапкершіліктен бас тартулар және айыппұлды шектеулер

ОСЫ БӨЛІМДІ МҮҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ, ӨЙТКЕНІ ОЛ DEERE НЫСАНДАРЫНЫҢ АЙЫППҰЛЫН ШЕКТЕЙДІ. ТӨМЕНДЕГІ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ ӘРҚАЙСЫСЫ ТӨМЕНДЕГІ 9(B) БӨЛІМІНЕ САЙ ЖӘНЕ ТЕК ТИСТІ ЗАҢМЕН РУҚСАТ ЕТИЛГЕН ДӘРЕЖЕГЕ ДЕЙІН ҚОЛДАНЫЛАДЫ. МҮНДАҒЫ ЕШТЕҢЕ ЗАҢМЕН ШЕКТЕУ МҮМКІН ЕМЕС СІЗДЕ БОЛУЫ МҮМКІН КЕЗ КЕЛГЕН ҚҰҚЫҚТАРДЫ ШЕКТЕУГЕ АРНАЛМАФАН.

1. САЙТ СІЗГЕ «БАР КҮЙІНДЕ», «БАРЛЫҚ АҚАУЛАРМЕН БІРГЕ» ЖӘНЕ «ҚОЛ ЖЕТИМДІ КҮЙІНДЕ» ҚОЛ ЖЕТИМДІ ЕТИЛЕДІ. САЙТТЫ ӨЗ ТАҢДАУЫНЫЗБЕН ЖӘНЕ ТӨҮЕКЕЛІНІЗБЕН ПАЙДАЛАНАСЫЗ. DEERE НЫСАНДАРЫ САЙТЫҢ САПАСЫ, ДӘЛДІГІ НЕМЕСЕ СЕНИМДІЛІГІ, ОНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ, САЙТЫҢ ҚОЛ ЖЕТИМДІЛІГІ НЕМЕСЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ, Я БОЛМАСА САЙТ МАЗМҰНЫ ТУРАЛЫ МӨЛІМДЕМЕЛЕР ЖАСАМАЙДЫ НЕМЕСЕ УӘДЕЛЕР БЕРМЕЙДІ. СӘЙКЕСІНШЕ, DEERE НЫСАНДАРЫ МЫСАЛЫ, САЙТ МАЗМҰНЫНЫҢ САПАСЫНА, ДӘЛДІГІНЕ НЕМЕСЕ СЕНИМДІЛІГІНЕ СЕҢУІҢІЗДЕН ТУЫНДАУЫ МҮМКІН КЕЗ КЕЛГЕН ЗАЛАЛ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМ УШІН СІЗГЕ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕМЕЙДІ.
2. DEERE НЫСАНДАРЫ КЕЗ КЕЛГЕН САЙТ ПАЙДАЛАНУШЫСЫНА НЕМЕСЕ БАСҚА ҮШІНШІ ТАРАПҚА ҚАТЫСТЫ ЕШБІР МӨЛІМДЕМЕ ЖАСАМАЙДЫ НЕМЕСЕ УӘДЕ БЕРМЕЙДІ. СӘЙКЕСІНШЕ, DEERE НЫСАНДАРЫ ОЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІНЕН, СОНЫҢ ИШІНДЕ, МЫСАЛЫ, БАСҚА ПАЙДАЛАНУШЫ МАЗМҰНЫНЫЗДЫ НЕМЕСЕ ТҮЛҒАҢЫЗДЫ ДҮРІС ЕМЕС ПАЙДАЛАНСА ТУЫНДАУЫ МҮМКІН КЕЗ КЕЛГЕН ЗАЛАЛ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМ УШІН СІЗГЕ АЙЫППҰЛ ТӨЛЕМЕЙДІ. ҮШІНШІ ТАРАП МАЗМҰНЫН ӨЗ ТАҢДАУЫНЫЗБЕН ЖӘНЕ ТӨҮЕКЕЛІНІЗБЕН ПАЙДАЛАНАСЫЗ.

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

3. DEERE НЫСАНДАРЫ БАРЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕРДЕН, АНЫҚ НЕМЕСЕ ТҮСПАЛДЫ, СОНЫҢ ИШІНДЕ, УШІНШІ ТАРАПТАР САЙТТА ҰСЫНАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ӨНІМДЕРГЕ НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕПІЛДІКТЕРДІ, ӘРІ САТУ МУМКІНДІГІ, НАҚТЫ МАҚСАТҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ, САПА ЖӘНЕ ТАЛАПТАРДЫ БҮЗБАУ ТУРАЛЫ ТҮСПАЛДЫ КЕПІЛДІКТЕРДІ БЕРМЕЙДІ. СІЗГЕ DEERE НЫСАНДАРЫНЫҢ БІРЕУІНІҢ ӘКІЛ БЕРГЕН АУЫЗША НЕМЕСЕ ЖАЗБАША АҚПАРАТ МӨЛІМДЕМЕНІ НЕМЕСЕ КЕПІЛДІКТІ ЖАСАМАЙДЫ.
4. САЙТҚА, ҚАТЫСТЫ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАНАҒАТТАНБАУ НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН БАСҚА ШАҒЫМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ ҚҰҚЫҒЫҢЫЗ ЖӘНЕ СОТТА ҚОРҒАУ ҚҰРАЛЫҢЫЗ САЙТҚА ҚАТЫСУДЫ НЕМЕСЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ТОҚТАТУ БОЛАДЫ.
5. DEERE НЫСАНДАРЫНЫҢ СІЗДЕ САЙТҚА НЕМЕСЕ ОСЫ ШАРТТАРҒА ҚАТЫСТЫ БОЛҒАН ЗАЛАЛДАРЫҢЫЗ НЕМЕСЕ ЗАҚЫМДАРЫҢЫЗ УШІН ЕҢ КӨП ЖАЛПЫ АЙЫППУЛЫ ЕҢ КӨБІ 100 АҚШ ДОЛЛАРЫМЕН ШЕКТЕЛЕДІ.
6. ЗАҢМЕН РҰЖСАТ ЕТИЛГЕН ТОЛЫҚ ДӘРЕЖЕДЕ, DEERE НЫСАНДАРЫ ЕШБІР ЖАҒДАЙДА МЫНАЛАРДЫҢ КЕЗ КЕЛГЕНИНЕ ЖАУАЛПЫ БОЛМАЙДЫ: (i) ЖАНАМА, АРНАЙЫ, КЕЗДЕЙСОҚ, ЖАЗАЛАУШЫЛЫҚ, ҮЙРЕТЕТИН НЕМЕСЕ PETTI ЗАҚЫМДАРҒА; (ii) ТАБЫСТАРДЫ, БИЗНЕСТІ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУДЫ ЖОҒАЛТУФА; (iii) РЕПУТАЦИЯҒА ТИГЕН ЗИЯНҒА НЕМЕСЕ (iv) АҚПАРАТТЫҢ НЕМЕСЕ ДЕРЕКТЕРДІҢ ЖОҒАЛУЫНА, ЗАҢ ТЕОРИЯСЫНА ҚАРАМАСТАН, DEERE КОМПАНИЯСЫНА ОСЫНДАЙ ЗАҚЫМДАР ТУРАЛЫ ЕСКЕРТІЛГЕН-ЕСКЕРТІЛМЕГЕНІНЕ ҚАРАМАСТАН ЖӘНЕ ТІПТІ СОТТА ҚОРҒАУ ҚҰРАЛЫ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫНА САЙ БОЛМАСА Да.

## **В. ТҮТЫНУШЫ КЕПІЛДІКТЕРІ**

1. **Австралия.** Жоғарыдағы 9(А) бөлімінде немесе осы Шарттардың кез келген басқа белімінде қамтылған жауапкершіліктен бас тартуға және айыппұлды шектеулерге қарамастан, сізге 2010 жылдағы бәсекелестік және түтүнушылар туралы актінің (С-ши) 2-кестесіндегі австралиялық түтүнушылар туралы заңының 3-2 бөлігіндегі түтүнушы кепілдіктерінің кез келгенін қорғауга құқығыңыз бар болса, 9(А) бөліміндегі немесе осы Шарттардың кез келген басқа беліміндегі ештеңе бұл түтүнушы кепілдіктерін жарамсыз етпейді, өзгертуеді немесе басқалай шектемейді.
2. **Жаңа Зеландия.** Сіз осы Шарттар бойынша қамтамасыз етілетін қызметтерді бизнес мақсаттарында алып жатқаныңызды растайсыз және осымен келісесіз, әрі 1993 жылдағы түтүнушы кепілдіктері туралы заң (Жаңа Зеландия) мұндай қамтамасыз етүге қолданылмайды.

## **10. Заңды таңдау және істерді қарая орны**

Бұл Шарттар АҚШ, Иллинойс штатында қолданылатын негізгі заңдарға сай реттеледі және түсініледі. Иллинойс, Рок-Айленд округының тиісті соттарында осы Шарттарға қатысты кез келген қуынным себебіне немесе дауға («Талап») қатысты ерекше емес юрисдикция бар. Бұл Шарттар қолданылуы анық түрде қосылмаган кез келген юрисдикцияның заң қайшылығы туралы ережелерімен немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының тауарларды халықаралық сату келісімшарттары туралы конвенциясымен реттелмейді. КЕЗ КЕЛГЕН ТАРАПТЫҢ ТАЛАБЫ УШІН СІЗ ИЛЛИНОЙС, РОК-АЙЛЕНД ОКРУГЫНДА ОРНАЛАСҚАН ШТАТТЫҚ ЖӘНЕ ФЕДЕРАЛДЫҚ ЮРИСДИКЦИЯҒА ЖІБЕРУГЕ ЖӘНЕ ОҒАН КЕЛІСУГЕ КЕЛІСЕСІЗ, ӘРІ КЕЗ КЕЛГЕН СЕБЕППЕН ОСЫНДАЙ СОТТАРДЫҢ ИСТИ ҚАРАУ ОРНЫ БОЛУЫНА НАРАЗЫ БОЛУҒА КЕЗ КЕЛГЕН ҚҰҚЫҚТАР БАС ТАРТАСЫЗ.

## **11. Тоқтату**

- A. Бұл Шарттарды есептік жазбаны жабу, Сайтты Пайдалануды тоқтату және Deere компаниясына тоқтату туралы ескерту беру арқылы кез келен уақытта тоқтата аласыз. Ескертууді бізге **осы жерде** нұсқау берілгендей жеткізе аласыз.
- B. Біз кез келген уақытта, себеппен немесе себепсіз және ескертумен немесе ескертуіз Сайтты уақытша тоқтату немесе аяқтау құқығын сақтаймыз. Сондай-ақ, біз осы Шарттарды сақтамай жатсаныз немесе Сайтты бізге заңды айыппұл салынуына әкелетін немесе басқалардың Сайтты пайдалануын үзүіне әкелетін жолмен пайдалансаныз, кез келген уақытта жазбаша немесе электрондық ескерту беруден кейін бірден Сайтты пайдалануыңызды уақытша

Жаңарту: 7 мамыр, 2014.

тоқтата немесе тоқтата аламыз, тек егер талаптарды орындауынызды немесе пайдалануынызды түзету мүмкін болып, біз алдымен сізге 30 күн ішінде түзетуді талап ететін жазбаша ескертуді берсек және талаптарды орындауыныз немесе пайдалануыныз сол кезеңнің сонында түзетілмеген болып қалса. Кез келген осындай әрекет есептік жазбаңызға, Сайтыңызға, Мазмұныңызды, Сайт мазмұнына немесе кез келген басқа қатысты ақпаратқа қатынасуныңызды болдырмауы мүмкін.

- C. Сіздің немесе біздің кез келген тоқтатуымыз жағдайында осы Шарттардың 1, 5, 6, 8 - 12 бөлімдерінің, соның ішінде, Мазмұныңызды 5-бөлімде сипатталғандай пайдалану құқығымыз толық күшімен жалғасады.
- D. Бұл Шарттарды тоқтату ешбір Deere қызмет көрсету туралы келісімін тоқтатпайды немесе өзгертпейді.

## 12. Жалпы шарттар

- A. Жоғарыдағы 5(D) бөлімінде басқалай көрсетілген болмаса, мұндағы ештеңе кез келген үшінші тарапқа құқықтарды немесе сotta қорғау құралдарын беруге арналмайды немесе солай деп есептелмейді.
- B. Жоғарыдағы 4(E) бөлімінде басқалай көрсетілген болмаса, бұл Шарттар сіз бен біз арасындағы тақырыпқа қатысты толық келісімді қамтиды және сіз бен біз арасындағы тақырыпқа қатысты кез келген алдыңғы келісімді ауыстырады. Тараптар жасалған, бірақ осы Шарттарда анық түрде қамтылмаған кез келген мәлімдемеге сенбейтінін растайды.
- C. Бізде басқа Сайт пайдалануышына қатысты сіздің атыңыздан осы Шарттарды қолдану міндеттемесі жоқ. Басқа Сайт пайдалануышы осы Шарттарды бұзды деп ойласаңыз, біз бізге хабарлауға шақырамыз, біз тек өз таңдауымыз бойынша тексеру және тиісті әрекетті орындау құқығын сақтаймыз.
- D. Deere тарапынан осы Шарттардың кез келген құқығын немесе шартын кез келген қолданбауы осындай құқықтан немесе шарттан бас тартуды білдірмейді. Deere компаниясының осында берілген кез келген құқықты кез келген жағынан орындауы осындағы кез келген басқа құқықтардан бас тарту деп есептелмейді.
- E. Осы Шарттардағы кез келген шартты қолдану мүмкін емес немесе ол жарамсыз екені анықталса, бұл шарт қажет ең аз дәрежеде шектеледі немесе жойылады, осылайша осы Шарттар толық күшінде және қолданылатын болып қалады.
- F. Deere компаниясының алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл Шарттарды тағайындауға, тапсыруға немесе сублицензиялауға болмайды, бірақ біз шектеусіз тағайындаі немесе тапсыра аламыз. Осы Шарттарды бұза отырып жасалған кез келген әрекеттенген тағайындаудың күші жойылады.
- G. Deere және сіз тәуелсіз мердігерлерсіз және агенттер, занды серіктестер емессіздер немесе кез келген жұмысқа алу қатынасына қатыспайсыздар.
- H. Осы Шарттардағы бөлім атаулары тек ынғайлылық үшін берілген және олардың занды немесе келісімшарттық күші жоқ.